Тақырыбы: «Oinaiq» атты зияткерлік сайыс

Мақсаты:

1. Оқушыларды «Сөз мәйегі - мақал» дегендей, ата-бабамыздан қалған өсиет сөздері арқылы адамгершілікке, ойын нақты, дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге үйрету.

2. Сөз өнері арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: қанатты сөздер жазылған плакаттар, шарлар.

Өтілу барысы:

Құрметті оқушылар! Бүгін бізде «Oinaiq» атты зияткерлік сайыс өткелі тұр.

Бұл сайысқа екі топ қатысады:

1. «Сұңқар» тобы.

2. «Барыс» тобы.

Құрметті ұстаздар сіздердің араларыңыздан әділ қазылар алқасын сайлап алсақ.

Алдымен мақал-мәтел дегеніміз не? Қысқаша тоқталып өтсек: Мақал-мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, уақыт өткен сайын мағынасы тереңдеп, құны артып, қымбат қазынаға айналып келеді. Мақал-мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық. Осы тұста мен осы мақал мен мәтел айырмашылығын түсіндіріп өткім келіп отыр.

Мысалы: Мақалда қорытынды, тұжырымды түйін айтылады. Айтылар ой нақты толық жеткізіледі. Мысалы: «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақалда елді қорғау, жерді қорғау нағыз жігіттің ісі екендігі айтылып тұр.

Ал, мәтелде ой тікелей білдірілмей тұспалдап, жанамалап айтылады.

Мысалы: «Көппен көрген ұлы той». Мұнда не көрсең де халықпен бірге көр, өз басыңның ғана қамын ойлама деген сөз тұспалдап айтылып тұр.

Біздің мақсатымыз, оқушының білімге деген құштарлығын, ізденімпаздығын, оқу деңгейін және ойын нақты дұрыс жеткізуге, тапқыр сөйлеуге салмақты ой айтуға үйрету болып табылады. Ендеше біз бүгінгі сайысымызды бастайық.

1-тур: «Кім көп біледі?» Қатысушы топтар мақал – мәтел айтудан жарысады.(1 минут уақыт беріледі, сол уақыттың ішінде топтар қанша мақал айтса, ұпай саны да соған қарап қойылады)

2-тур: Мақал – сөздің мәйегі (тақтада мақал-мәтелдің басы беріледі, қатысушы топтар мақалды жалғастырады)

Scanned with CamScanner